

**Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 770 "2013 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 310 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қазанда № 4246 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысына сәйкес, қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру үшін Қарабалық ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 770 "2013 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3996 тіркелген, 2013 жылғы 25 қаңтарда "Айна" газетінде жарияланған) өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы **А.Т. Сұлтановқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Исмағұлов*